

**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК Шығыс Қазақстан және Абай облыстары
бойынша филиалы**



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Үшінші
тоқсан
2025 жыл

Өскемен, 2025 ж.

	МАЗМҰНЫ	Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
2.1	Өскемен қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі	7
2.2	Риддер қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	7
2.3	Глубокое к. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	9
2.4	Алтай қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	11
2.5	Шемонаиха қ. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	13
3	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау	14
4	Радиациялық жағдайдың жай-күйіне мониторинг жүргізу	14
5	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	14
6	Шығыс Қазақстан облысы және Абай облысы аумағындағы жер үсті суларының мониторингі нәтижелері	15
7	Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының жай-күйі	17
8	Алакөл көлі бассейнінің түптік шөгінділерінің мониторинг нәтижелері	18
9	Алакөл көлі бассейнінің топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың ластану жай күйі	19
10	Семей қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	19
10.1	Аягөз қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	21
10.2	Әуезов к. атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	22
11	2025 жылдың жаз айы мезгіліндегі Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі	23
	Қосымша 1	24
	Қосымша 2	28
	Қосымша 3	34
	Қосымша 4	35
	Қосымша 5	36
	Қосымша 6	37
	Қосымша 7	40
	Қосымша 8	41
	Қосымша 9	42
	Қосымша 10	42
	Қосымша 11	43

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень ШҚО (Өскемен қ., Риддер қ., Алтай қ. және Глубокое кенті, Шемонаиха қ.) және Абай облыстарының (Семей қ., Аягөз қ., Ауэзов кенті) аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасына ластанушы заттардың түсуінің негізгі көздері өнеркәсіп кәсіпорындары, автокөлік және жеке сектор (тұрғын үйлер) болып табылады.

Облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын бірінші, екінші, үшінші санаттағы кәсіпорындар жұмыс істейді.

Сондай-ақ, ШҚО Мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының деректеріне сәйкес, 2023 жылғы жағдай бойынша облыста 252 980 көлік құралы тіркелген.

2. Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Өскемен қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Өскемен қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 10 бекетте жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 22 көрсеткіш анықталады: *PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол, күкіртсутегі, фторлы сутегі, бенз(а)пирен, хлорлы сутегі, формальдегид, хлор, күкірт қышқылы, озон, аммиак, қорғасын, мырыш, кадмий, мыс, бериллий, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы.*

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 1

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулік бойы 20 минут	Рабочая к., 6	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутегі, хлорлы сутегі, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
5	тәулік бойы 20 минут	Қ. Қайсенов к., 30	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутегі, хлорлы сутегі, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
7	тәулік бойы 20 минут	М. Тынышпаев к.,126	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
	аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		азот оксиді, фенол, фторлы сутегі, хлорлы сутегі, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
8	тәулік бойы 20 минут	Егоров к., 6	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,

	аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет		күкіртсутегі азот оксиді, фенол, фторлы сутегі, хлорлы сутегі, хлор, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
12	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде сынама алу тәулігіне 3 рет	Қ. Сәтпаев д., 12	көміртегі оксиді, азот диоксиді азот оксиді, фенол, фторлы сутегі, хлорлы сутегі, формальдегид, күкірт қышқылы, бериллий, кадмий, мыс, қорғасын, мырыш, бенз(а)пирен, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы
2	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Лев Толстой к., 18	қалқыма бөлшектер РМ-2,5, қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі, озон
3		Серікбаев к., 19	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, аммиак, озон
4		Широкая к., 44	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
6		Н. Назарбаев д., 83/2	
11		Өтепов к., 37	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Өскемен қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Өскемен қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол **СИ=4,2** (көтеріңкі деңгей) күкіртсутегі бойынша №4 (Широкая к., 44) бекет ауданында және **ЕЖҚ=8%** (көтеріңкі деңгей) хлорлы сутегі бойынша №7 (М.Тынышпаев к., 126) бекет ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырлар: күкірт диоксиді – 3,3 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, хлорлы сутегі – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтері бойынша арту шоғырлары: азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай – ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 2 – кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр	Ең жоғары бір реттік шоғыр	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны
-------	--------------	-------------------------------	-----	-----------------------------------

	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
Өскемен қ.								
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0011	0,03	0,0089	0,06				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0013	0,02	0,0103	0,03				
Күкірт диоксиді	0,0299	0,60	1,6633	3,33	1,81	191		
Көміртегі оксиді	0,2954	0,10	9,9450	1,99	0,35	47		
Азот диоксиді	0,0496	1,24	0,3017	1,51	0,17	11		
Азот оксиді	0,0160	0,27	0,6466	1,62	0,30	20		
Озон	0,0137	0,46	0,1040	0,65				
Күкіртсутегі	0,0015		0,0338	4,23	7,10	583		
Фенол	0,0035	1,17	0,0177	1,77	6,06	42		
Фторлы сутегі	0,0049	0,97	0,0200	1,00	0,43	1		
Хлор	0,0079	0,26	0,0800	0,80				
Хлорлы сутегі	0,0512	0,51	0,3200	1,60	7,79	62		
Күкірт қышқылы	0,0195	0,19	0,1880	0,63				
Формальдегид	0,0001	0,01	0,0120	0,24				
Аммиак	0,0333	0,83	0,1687	0,84				
Бенз(а)пирен	0,0006	0,61						
Қорғасын	0,000225	0,7						
Кадмий	0,000027	0,1						
Мырыш	0,000556	0,01						
Мыс	0,000024	0,01						
Бериллий	0,000000144	0,01						

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде үшінші тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Өскемен қаласының атмосфералық ауасының ластану динамикасы әртүрлі бағытталған, 2021 және 2022 жылдардан басқа негізінен көтеріңкі деңгейде болып табылады.

Күкіртсутегі (583 жағдай), күкірт диоксиді (191 жағдай) және хлорлы сутегінің (62 жағдай) ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны белгіленді.

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Өскемен қаласы бойынша метеорологиялық жағдайлар

Өскемен қаласында желдің орташа жылдамдығы 3-12 м/с құрады. 15-27 м/с екпінді жел 09 шілдеде түнде, тамыздың 02 күні күндіз, 15 күні тәулік бойы, 17 күні түнде, 22 күні күндіз, 31 күні түнде, қыркүйектің 08 күні күндіз, 09 күні түнде, 23 күні күндіз болды.

ҚМЖ-мен өткен күндер саны 22, оның ішінде 01, 05-08, 11-14, 17-20, 27-31 шілдеде, 5, 6, 20, 21, 29, тамызда 5, 6, 7, 8, 15. 16, 17, 21, 22, 26, 27 қыркүйекте болды.

2.1 Өскемен қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Өскемен қаласында ауаның ластануын бақылау толық емес бағдарлама бойынша тәулігіне 3 рет 4 жерде (жергілікті уақыт бойынша сағат 07, 13, 19 жүргізілді).

№1 нүкте - Н. Назарбаев – Абай даңғылдарының қиылысы; №2 нүкте - Мызы – Протозанов көшелерінің қиылысы; №3 нүкте - Қазақстан – Қабанбай батыр көшелерінің қиылысы; №4 нүкте-Н. Назарбаев даңғылы мен Гагарин бульвары көшесінің қиылысы.

Максималды бір реттік шоғырлардың нормативтерінен асып кету байқалған жоқ. (Кесте 3).

Кесте 3

Бақылау деректері бойынша Өскемен қаласы бойынша ластаушы заттардың ең жоғары концентрациясы

Анықталатын қоспалар	Іріктеу нүктелері							
	№ 1		№ 2		№ 3		№ 4	
	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ	мг/м ³	ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,00	0,0	0,00	0,0
Азот диоксиді	0,05	0,3	0,04	0,2	0,04	0,2	0,05	0,3
Күкірт диоксиді	0,049	0,1	0,048	0,1	0,049	0,1	0,048	0,1
Көміртегі оксиді	1	0,2	0	0,0	0	0,0	1	0,2
Фенол	0,0036	0,4	0,0031	0,3	0,0028	0,3	0,0034	0,3
Формальдегид	0,000	0,0	0,000	0,0	0,000	0,0	0,000	0,0

2.2 Риддер қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Риддер қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 3 бақылау бекетінде жүргізіледі (1 – қосымша).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкіртсутегі; 6) кадмий; 7) мыс; 8) қорғасын; 9) бериллий; 10) мырыш.

4 – кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 4

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар			
№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Абай д., 13Б	кадмий, мыс, қорғасын, бериллий, мырыш
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
6	сынама алу тәулігіне 3 рет	В. Клинка к., 7	кадмий, мыс, қорғасын, бериллий, мырыш
	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
3	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Семипалатинская к., 9	азот диоксиді және оксиді, көміртегі оксиді

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Риддер қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Риддер қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, **СИ=4,8** (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №6 (В. Клинка к., 7А) бекет ауданында және **ЕЖҚ=1%** (көтеріңкі деңгей) мәндерімен азот диоксиді бойынша №1 (Абай д., 13Б) бекет ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырлар: көміртегі оксиді – 4,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,5 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа тәуліктік нормативтер бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы									
Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5	>10
								ШЖШ	ШЖШ
Риддер қ.									
сонымен қатар									

Күкірт диоксиді	0,0036	0,07	0,4078	0,82				
Көміртегі оксиді	0,4017	0,13	23,9653	4,79	1	59		
Азот диоксиді	0,0230	0,58	0,5023	2,51	1	96		
Азот оксиді	0,0037	0,06	0,1450	0,36				
Күкіртсутегі	0,0019		0,0109	1,36	0	14		
Қорғасын	0,000119	0,4						
Кадмий	0,000017	0,1						
Мырыш	0,000407	0,01						
Мыс	0,000024	0,01						
Бериллий	0,000000078	0,01						

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде үшінші тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Риддер қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі 2025 жылы үшінші тоқсанда алдыңғы жылдардағыдай көтеріңкі болып табылады.

Азот диоксиді (96 жағдай) және көміртегі оксидінің (59 жағдай) ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны белгіленді.

Риддер қаласы бойынша 2025 жылғы үшінші тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Риддер қаласында желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с құрады. 18-22 м/с екпінді жел тамыздың 15 күні тәулік бойы, 23 күні түнде, қыркүйектің 08 күні күндіз, 23 күні тәулік бойы болды.

ҚМЖ-мен күндер саны бақыланбады.

2.3 Глубокое кентінде атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Глубокое кентінің аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 бақылау бекетінде, оның ішінде 1 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) фенол; 6) гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы.

6-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 6

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	сынама алу тәулігіне 3 рет	Ленин к., 15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, көміртегі оксиді, фенол, гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы.
2	тәулік бойы 20 минут аралықта үздіксіз режимде	Попович к., 11А	көміртегі оксиді

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Глубокое кентінің атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Глубокое кентінің бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол **СИ=0,6** (төмен деңгей) және **ЕЖҚ=0%** (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ең жоғары бір реттік және орташа тәуліктік нормативтер бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 7-кестеде көрсетілген.


Кесте 7

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5	>10
								ШЖШ	ШЖШ
сонымен қатар									
Глубокое кенті									
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0188	0,13	0,0800	0,16					
Күкірт диоксиді	0,0472	0,94	0,0690	0,14					
Көміртегі оксиді	0,1302	0,04	1,6888	0,34					
Азот диоксиді	0,0373	0,93	0,0800	0,40					
Фенол	0,0013	0,42	0,0057	0,57					

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде үшінші тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес Глубокое кентінің атмосфералық ауасының ластану деңгейі 2025 жылдың үшінші тоқсанында төмен деңгейге сәйкес келеді.

Глубокое кенті бойынша 2025 жылғы үшінші тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Глубокое кентінде 0-4 м/с әлсіз желмен ауа-райы басым болды. Басқа күндері жаңбыр, қыркүйек айында тұман болды.

2.4 Алтай қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Алтай қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 2 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді.

8-кестеде бақылау бекетінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 8

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	Астана к., 78	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Алтай қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Алтай қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,4 (төмен деңгей) көміртегі оксиді бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Көміртегі оксидінің ең жоғары бір реттік шоғыры – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластанушы заттардың орташа тәуліктік нормативтері бойынша шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 9-кестеде көрсетілген.


Кесте 9

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
							сонымен қатар		
Алтай қ.									
Күкірт диоксиді	0,0151	0,30	0,4701	0,94					
Көміртегі оксиді	0,7585	0,25	6,8702	1,37	0	9			
Азот диоксиді	0,0026	0,06	0,0529	0,26					
Азот оксиді	0,0025	0,04	0,0953	0,24					

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде үшінші тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда үшінші тоқсанда Алтай қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі төмен болып табылады.

Алтай қаласы бойынша 2025 жылғы үшінші тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Алтай қаласында желдің орташа жылдамдығы 3-8 м/с құрады. 15-25 м/с екпінді жел шілденің 14 күні күндіз, 19 күні күндіз, 29 күні күндіз, 31 күні күндіз, 15 тамызда күндіз болды. Ауа-райы жауын шашынсыз және 3-5 м/с әлсіз желмен

03, 04, 09, 10, 16, 18, 23-27 шілдеде, 06, 10-12, 14, 21, 22, 25, 26, 29 тамызда, 04-08, 10, 15-18, 20, 22, 25-28 қыркүйекте байқалды.

2.5 Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Шемонаиха қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 4 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкірт сутегі.

10-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 10

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	А. Иванов к., 59	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және күкіртсутегі

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Шемонаиха қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол **СИ=1,4** (төмен деңгей) көміртегі оксиді бойынша және **ЕЖҚ=0%** (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырлар: көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 1,1 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа тәуліктік нормативтері бойынша шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
								сонымен қатар	
Шемонаиха қ.									
Күкірт диоксиді	0,0046	0,09	0,2100	0,42					
Көміртегі оксиді	0,2673	0,09	7,2153	1,44	0	1			
Азот диоксиді	0,0329	0,82	0,0526	0,26					
Күкіртсутегі	0,0011		0,0088	1,10	0	2			

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Шемонаиха қаласы бойынша метеорологиялық жағдайлар

Шемонаиха қаласында желдің орташа жылдамдығы 5-10 м/с құрады. 15-17 м/с екпінді жел 12 шілдеде күндіз, 12 тамызда күндіз, 18 мен 28 қыркүйекте күндіз байқалды. Жауын-шашынсыз және 3-6 м/с әлсіз желмен 10, 18, 19 қыркүйекте байқалды.

3. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау

Жауын-шашындағы барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары рұқсат етілген шекті шоғырдан аспайды.

Жауын – шашын үлгілерінде гидрокарбонаттар – 33,0%, сульфаттар – 22,5%, кальций иондары – 12,2%, хлоридтер – 11,6%, натрий иондары – 7,0%, нитрат иондары – 4,2%, магний иондары – 3,5%, аммоний иондары – 2,4%, калий иондары – 3,5%.

Ең жоғары жалпы минералдану 44,8 мг/л Риддер МС, ең азы – 26,3 мг/л Өскемен МС байқалды.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 43,9 мкСм/см (Өскемен МС) 75,2 мкСм/см (Риддер МС) аралығында болды.

Жауын-шашынның қышқылдығы әлсіз қышқыл және бейтарап орта сипатына ие және 5,7-ден (Риддер МС) 6,6-ға (Риддер МС) дейінгі аралықта болады.

4. Радиациялық жағдайдың жай-күйіне мониторинг жүргізу

Жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 17 метеорологиялық станцияда (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катонқарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жер үсті қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,05-0,35 мкЗв/сағ шегінде болды.

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,14 мкЗв/сағ құрады және рұқсат етілген шектерде болды.

Облыс аумағында атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүзеге асырылды.

Барлық станцияларда бес тәуліктік сынама алынды.

Облыс аумағында атмосфераның жер беті қабатындағы радиоактивті түсулердің тығыздығы 1,0-4,1 Бк/м² шегінде ауытқып отырды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,8 Бк/м² құрады.

5. Жер үсті сулары сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 19 су объектісінің (16 өзен – Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Еміл, Аягөз, Үржар, Секисовка,

Маховка, Кіші Қарақожа, Арасан; 2 көл - Зайсан, Алакөл; 2 су қойма – Бұқтырма, Өскемен) **53** тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **48** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумағында **гидробиологиялық көрсеткіштер** бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі 15 су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Емел, Секисовка, Маховка, Кіші Қарақожа, Арасан, 2 су қойма – Бұқтырма, Өскемен) 47 тұстамада жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 120 сынама, макрозообентостың 94 сынамасы, перифитонның 94 сынамасы және 3 зоопланктон мен 3 фитопланктонның сынамалары талданды.

6. Шығыс Қазақстан облысы және Абай облысы аумағындағы жер үсті суларының мониторингі нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

12 кесте

су объектісінің атауы	су сапасының класы 3 тоқсан 2024 ж.	су сапасының класы 3 тоқсан 2025 ж.	параметрлері	өлшем бірлігі	концентрация
Қара Ертіс өзені		1 – класс (өте жақсы сапа)			
Ертіс өзені		3– класс (ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,11
			мыс	мг/дм ³	0,0033
Бұқтырма өзені		4 – класс (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,013
Брекса өзені		4 – класс (ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,32
			мырыш	мг/дм ³	0,018
Тихая өзені		6 – класс (жоғары ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,068
Үлбі өзені		5 – класс (өте ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,035

Глубочанка өзені		5 – класс (өте ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,045
Красноярка өзені		6 – класс (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	56,4
Оба өзені		4 – класс (ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,013
Еміл өзені		3 – класс (орташа ластанған)	магний	мг/дм ³	44,7
			сульфаттар	мг/дм ³	295
			фторидтер	мг/дм ³	1,44
			мыс	мг/дм ³	0,0011
			марганец	мг/дм ³	0,017
Аягөз өзені		3 – класс (орташа ластанған)	магний	мг/дм ³	30,0
			сульфаттар	мг/дм ³	136
Үржар өзені		3 – класс (орташа ластанған)	мыс	мг/дм ³	0,0011
Маховка өз.		3 – класс (орташа ластанған)	магний	мг/дм ³	26,4
			жалпы темір	мг/дм ³	0,17
			аммоний-ионы	мг/дм ³	0,76
			мыс	мг/дм ³	0,0041
			марганец	мг/дм ³	0,094
Секисовка өз.		3 – класс (орташа ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,18
			аммоний - ионы	мг/дм ³	1,04
			мыс	мг/дм ³	0,0017
			марганец	мг/дм ³	0,044
Арасан өз.		1 – класс (өте жақсы сапа)			
Кіші Қарақожа өз.		6 – класс (жоғары ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,70
			мырыш	мг/дм ³	2,76
Өскемен су қоймасы		3 – класс (орташа ластанған)	мыс	мг/дм ³	0,0013
Бұқтырма су қоймасы		3 – класс (орташа ластанған)	мыс	мг/дм ³	0,0011

2025 жылдың 3-ші тоқсанында Қара Ертіс, Арасан өзендері 1 класқа, Ертіс, Еміл, Үржар, Аягөз, Секисовка, Маховка өзендері, Өскемен су қоймасы, Бұқтырма су қоймасы 3 класқа, Брекса, Оба, Бұқтырма өзендері 4 класқа, Үлбі, Глубочанка өзендері 5 класқа, Красноярка, Тихая, Кіші Қарақожа өзендері 6 класқа жатады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар қалқыма заттар, жалпы темір, мырыш, мыс, марганец, магний, сульфаттар, аммоний-ионы болып табылады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2025 жылдың 3-ші тоқсанына Шығыс Қазақстан облысы аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Үлбі өзені – 4 ЖЛ (мырыш, жалпы темір), Тихая өзені – 1 ЖЛ (мырыш).

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 1 – қосымшада көрсетілген.

Абай облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2 – қосымшада көрсетілген.

Жер үсті сулары сапасының гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша мәліметі 6,7,8 қосымшаларда берілген.

7. Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті сулары сапасының 3-ші тоқсанына жай-күйі.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

13 кесте

су объектісінің атауы	Пантле и Букку (в модификации Сладечека) сапробты индекс бойынша су сапасының класы			зообентос бойынша су сапасының класы	
	фитопланктон	зоопланктон	перифитон	Олигохеттер жалпы санының жер асты жәндіктерінің жалпы санына қатысы, %	Вудивис бойынша биотикалық индекс
Қара Ертіс өзені			3 класс (2,02)		2 класс (7,0)
Ертіс өзені			3 класс (1,89)		3 класс (5,8)
Бұқтырма өзені			2 класс (1,48)		2 класс (7,5)
Брекса өзені			3 класс (1,82)		2 класс (7,7)
Тихая өзені			3 класс (1,91)		2 класс (6,5)
Үлбі өзені			3 класс (1,88)		2 класс (6,8)
Глубочанка өзені			3 класс (2,2)		2 класс (6,7)
Красноярка өзені			3 класс (2,05)		3 класс (5,5)

Оба өзені			3 класс (1,97)		2 класс (7,0)
Еміл өзені	3 класс (2,17)	-	3 класс (2,18)		2 класс (7,0)
Секисовка өзені			3 класс (1,95)		2 класс (6,8)
Маховка өзені			3 класс (2,07)		3 класс (5,5)
Арасан өзені			2 класс (1,42)		2 класс (7,5)
Кіші Қарақожа өзені			3 класс (2,00)		3 класс (5,5)

Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша 2025 жылдың 3 ші тоқсанына Бұқтырма мен Арасан өзендері 2 класс *«таза сулар»* санатына жатқызылады. Қалған өзендер тұстамалары су сапасының III класына сәйкес, *«орташа ластанған»* сулар санатына жатқызылды. Сапробты индекс көрсеткіші 1,82-2,2 аралығында болды. Кіші Қарақожа өзенінің «Глубокое а., Үлкен Қарақожа өзенімен бірігуден 1 км жоғары» (01) сол жағалау» орналасқан тұстамасында тамыз, қыркүйек айларында түрлердің дамуы аздығына тек 1 түрден анықталғанына байланысты сапробты индексті анықтауға мүмкіндік болмады.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша 3-ші тоқсанына 2 класс *«таза сулар»* санатына Қара Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Глубочанка, Үлбі, Оба, Еміл, Секисовка, Арасан өзендері жатқызылды. Биотикалық көрсеткіш 6,5-7,7 аралығында болды.

Қалған өзендер Ертіс, Красноярка, Маховка, Кіші Қарақожа су сапасының 3 класына сәйкес, *«орташа ластанған»* сулар санатына жатқызылды. Биотикалық индекс мәні 5,5-5,8 аралығында болды.

Фитопланктон көрсеткіші бойынша Еміл өзені су сапасының 3 класына сәйкес, *«орташа ластанған»* сулар санатына жатқызылды.

2025 жылғы 3 ші тоқсанына дейін Жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суларын **биотестілеу** (судың уыттылығын анықтау) нәтижесінде өткір уыттылық төмендегі тұстамаларда тіркелді:

- Кіші Қарақожа өз. «Глубокое а., Кіші Қарақожа өз.Снегириха кенішісі әсерінен 500 м жоғары: (09) оң жағалау» (50,0%).

- Кіші Қарақожа өз. «Глубокое а., Үлкен Қарақожа өзенімен бірігуден 1 км жоғары» (01) сол жағалау» (100%).

Зерттелген өзендердегі қалған тұстамалар тест-объектілеріне өткір уытты әсер етпеді.

Шілде-тамыз айларында Бұқтырма және Өскемен су қоймаларында бақылауға қатысты өлген тест-объектілердің пайызы (тест-параметр) 1,65-3,35% шегінде құрады.

8. Алакөл көлі бассейнінің түптік шөгінділерінің мониторинг нәтижелері

Зерттеу нәтижелері бойынша Алакөл көлі мен Үржар өзенінің түптік шөгінділерінде ауыр металдардың құрамы: кадмий 0,04-тен 0,08 мг/кг-ға дейін, қорғасын 7,69-дан 10,34 мг/кг-ға дейін, мыс 0,55-тен 1,03 мг/кг-ға дейін, хром 0,18 -ден 0,25 мг/кг дейін, мырыш 2,96 -дан 5,24 мг/кг дейін, күшәла 1,09-дан 8,22 мг/кг, марганец 245,44-тен 490,18 мг/кг дейін.

Алакөл көлі бассейнінің және Үржар өзенінің түптік шөгінділерінің ауыр металдармен ластануының сипаттамасы 8 – қосымшада келтірілген.

9. Алакөл көлі бассейнінің топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың ластану жай күйі

Алакөл көлі мен Үржар өзенінің жағалауынан алынған топырақ сынамаларының зерттеу нәтижелері бойынша ауыр металдардың құрамы келесі аралықтарда анықталды: кадмий 0,06 мг/кг-ға, қорғасын 6,56-дан 8,45 мг/кг-ға дейін, мыс 0,77-ден 0,91 мг/кг-ға дейін, хром 0,26 -дан 0,43 мг/кг дейін, мырыш 3,26 -дан 3,59 мг/кг дейін, күшәла 1,44-тен 5,08 мг/кг, марганец 297,55-тен 356,44 мг/кг дейін.

Алакөл көлі бассейндегі топырақтың ауыр металдармен ластануының сипаттамасы 9 – қосымшада келтірілген.

Абай облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

10. Семей қаласында атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Семей қаласының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкіртсутегі; 6) озон.

14-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 14

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	үздіксіз режимде 20 минут	Найманбаев к., 189	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі
2		Рысқұлов к., 27	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі
3		Декоративная к., 26	көміртегі оксиді, озон
4		343 квартал к., 13/2	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі

Семей қаласы бойынша атмосфералық ауа сапасының мониторингінің 2025 жылдың үшінші тоқсандағы нәтижелері

Семей қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=3,4 (көтеріңкі деңгей)) күкірт диоксиді бойынша №2 бекет (Рысқұлов к., 27) ауданында және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен күкіртсутегі бойынша №4 бекет (343 квартал к., 13/2) ауданында анықталды.

Ең жоғары бір реттік шоғырлар: күкірт диоксиді – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 2,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа тәуліктік нормативтері бойынша шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 15-кестеде көрсетілген.


Кесте 15

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м³	ШЖШ _{орт} асу еселігі	мг/м³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
							сонымен қатар	
Семей қ.								
Күкірт диоксиді	0,0171	0,34	1,6980	3,40	1	55		
Көміртегі оксиді	0,5299	0,18	7,3315	1,47	0	23		
Азот диоксиді	0,0290	0,72	0,2206	1,10	0	3		
Азот оксиді	0,0219	0,37	0,1350	0,34				
Күкіртсутегі	0,0019		0,0163	2,04	1	121		
Озон	0,0177		0,0990	0,62				

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде үшінші тоқсандағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Семей қаласының атмосфералық ауасының ластану динамикасы көп бағытты, соңғы үш жылда көтеріңкі болып табылады.

Семей қаласы бойынша 2025 жылғы үшінші тоқсандағы метеорологиялық жағдайлар

Семей қаласында желдің орташа жылдамдығы 3-11 м/с құрады. 15-28 м/с екпінді жел 30 шілдеде күндіз, 01 мен 17 тамызда күндіз болды.

ҚМЖ-мен күндер саны бақыланбады.

10.1 Аягөз қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Аягөз қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 4 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) күкірт сутегі.

16-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

Кесте 16

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар			
№	Сынама алу	Бекет мекенжайы	Анықталатын қоспалар
1	20 минут аралықта үздіксіз режимде	Бульвар Абая к., 14	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және күкіртсутегі

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Аягөз қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Аягөз қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол **ЕЖҚ=1%** (төмен деңгей) күкіртсутегі бойынша және **СИ=1,5** (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Күкіртсутегінің ең жоғары бір реттік шоғыры – 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, қалған ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа тәуліктік нормативтері бойынша шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖШ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖШ астам) байқалған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 17-кестеде көрсетілген.

Кесте 17

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы									
Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
								сонымен қатар	
Аягөз қ.									
Күкірт диоксиді	0,0050	0,10	0,1524	0,30					
Көміртегі оксиді	0,1784	0,06	4,5250	0,91					
Азот диоксиді	0,0396	0,99	0,0788	0,39					
Күкірт сутегі	0,0039		0,0121	1,51	1	36			

2025 жылғы үшінші тоқсандағы Аягөз қаласы бойынша метеорологиялық жағдайлар

Аягөз қаласында желдің орташа жылдамдығы 3-10 м/с құрады. 15-24 м/с екпінді жел шілденің 05 күні күндіз, 20 күні түнде, 27 күні күндіз, 31 күні күндіз, тамыздың 15 күні күндіз, 30 күні күндіз, 31 күні күндіз, қыркүйектің 08 күні

күндіз, 15 күні күндіз, 23 күні күндіз болды. Ауа райы жауын-шашынсыз және 0-5 м/с әлсіз желмен шілденің 03, 04 күндері, 20 тамызда, қыркүйектің 03, 04, 07, 12, 20, 21 күндері бақыланды.

10.2 Әуезов кентінің атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Әуезов кенті аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 2 көрсеткіш анықталады: 1) көміртегі оксиді; 2) азот диоксиді

